

Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы

Күші жойғал

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 қазандағы N 400/52-IV Шешімі.
Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 10 қарашада нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 653 болып енгізілді.
Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 26 маусымдағы N 458/63-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.06.26 N 458/63-IV шешімімен

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ** :

1. Созылмалы миелолейкозбен ауыратын науқастар 2010 жылғы жергілікті бюджет қаражаты есебінен «Нилотиниб» (Тасигна, 200 мг капсулалары) препаратымен амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласы мәслихатының
сессия төрағасы Е. Оспанов*

*Астана қаласы мәслихатының
хатшысы В. Редкокашин*

КЕЛІСІЛДІ

*Астана қаласы денсаулық
сақтау басқармасының бастығы Д. Есімов*

*Астана қаласы экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы Ж. Нұрпейісов*